

## Соттардың азаматтық іс жүргізу заңының кейбір нормаларын қолдануы туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 2000 жылғы 30 маусым N 9. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2003.03.20. N 2 қаулысымен.

Сот тәжірибесінде азаматтық іс жүргізу заңының нормаларын қолдану барысында туындайтын мәселелерге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай АІЖК-нің) 6-бабында бекітілген принциптерге сәйкес сот істерді азаматтық сот өндірісі тәртібімен шешкен кезде Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚР АІЖК-нің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті.

ҚР Конституциясының 78 бабы және АІЖК-нің 6 бабының 2 бөлігін сот іс өндірісін тоқтата тұрып, заңды немесе басқа да нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы Конституциялық Кеңеске ұсыныс жасауға міндетті деген ережесі, тек егер заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт азаматтардың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалған жағдайларға тарайды. Басқа жағдайларда сот жоғары деңгейдегі акті нормаларын қолдануға міндетті.

Соттың Конституциялық Кеңеске ұсыныс жасау туралы және істі өндірістен тоқтата тұру туралы соттың ұйғарымы сот ұсынысына қол қоятын лауазымды адамдар үшін міндетті болып табылады (ҚР АІЖК 21 б. 2т.).

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

2. Азаматтық істер бойынша заңды және негізделген сот актілерін шығарудың маңызды шарты соттардың оларды қарау кезінде азаматтық сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген принциптері - заңдылықты, бәсекелестікті, тараптардың теңдігін, жариялылықты, сот ісін жүргізу тілін және басқаларды дәл әрі мүлтіксіз сақтауы болып табылады.

Азаматтық сот ісін жүргізу принциптерінің бұзылуы оның сипаты мен мәнділігіне қарай АІЖК-нің 23-бабына сәйкес шығарылған сот актілерін бұзуға әкеп соғады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

3. ҚР АҚ-нің 111 және 112 баптарына сәйкес мемлекеттік билік органдары Қазақстан Республикасы атынан, ал жергілікті өкілетті және атқарушы органдар, осы органдардың мәртебесін белгілейтін заңды актілерде, ережелерде және өзге актілерде көрсетілген құзыры шеңберінде әкімшілік-аймақтық бірліктер атынан сотта өкілдік ете алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясына, ҚР "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық Заңына, "ҚР жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы" Заңына сәйкес республикалық (орталық) және жергілікті өкілетті және атқарушы органдар, атқарушы өкімет органдары мен атқарушы өкімет органдарына жатпайтын мемлекеттік органдарды ажырату осы органдардың заңдары, ережелері, жарғылары, облыс, аудан, қаланы басқарудың тиісті Мәслихатпен бекітілген схемалар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы және Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары негізінде жүзеге асырылады.

Орталық атқарушы органдардың заңды тұлға құқықтары берілген аумақтық бөлімшелері, өздерінің юрисдикциясы тарайтын аумақтың атқарушы органы болып танылады (облыстық әділет басқармасы облыстың атқарушы органы болып табылады, аудандық ішкі істер бөлімі ауданның атқарушы органы болып табылады).

**Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

4. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде шетелдік мемлекеттердің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғаларды (компанияларды, фирмаларды, кәсіпорындарды және т.б.) шетелдік ұйымдар деп түсінген жөн.

БҰҰ Жарғысы немесе халықаралық шарттар негізінде құрылған ұйымдар халықаралық ұйымдарға жатады.

Халықаралық ұйымдар тізімі (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық Еңбек Ұйымы, Бүкіләлемдік Денсаулық қорғау Ұйымы және т.б.) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 тамыздағы N 1055 қаулысының қосымшасында көрсетілген.

5. Заңды тұлғалардың, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың арасында пайда болатын мүліктік даулар бойынша дауды сотқа дейін реттеу туралы талаптарды сақтау қажет.

Прокурордың мемлекеттің мүддесі немесе мемлекеттің мүддесін қозғайтын осы тармақтың 1-абзацында көрсетілген тұлғалардың мүддесі үшін келтірілген талап арыздарына АІЖК-нің 136-бабының мүліктік дауларды сотқа дейін (тілек қойып) реттеу туралы талаптары қолданылмайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

6. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы мүліктік құқықтарын қорғау туралы талап арыздары мүліктік сипаттағы талап арыздарға жатады.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік баж туралы" Заңының 4-бап 1-бөлігінің "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген жалпы ереже бойынша жеке және заңды тұлғалардың мүліктік сипаттағы талап арыздарынан мемлекеттік баж талап сомасына байланысты проценттер бойынша өндіріледі.

Тұрғын жайларды жалдау, мүлікті қамаудан босату туралы шарттарды өзгерту немесе бұзу туралы өтініштерден және бағалауға жатпайтын өзге де мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын талап арыздардан (мысалы, негаторлық талап арыздар, мүлікті қайтару туралы талаппен байланысты емес шарттарды заңсыз деп тану туралы арыздар) мемлекеттік баж айлық есептік көрсеткіштің 50% мөлшерінде төленеді.

**Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

7. ҚР АІЖК -нің 104, 105, 151-б. 7-т., 153 және 155-баптары бойынша сот арызданушының өтініші бойынша мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру, бөліп-бөліп төлеу немесе оның мөлшерін азайту, талапкерді азаматтық істі қозғау сатысында баж төлеуден босату туралы мәселелерді, бұл туралы азаматтық іс қозғау туралы ұйғаруда немесе талапкердің өтінішін қанағаттандыру туралы жеке ұйғаруда көрсетіп, шешуге құқылы.

Бұндай өтінішті қанағаттандырмаған жағдайда судья арызды қозғалусыз қалдыру туралы ұйғару шығарып, бұл туралы талап арыз берген адамды хабардар етеді және оған кемшіліктерді түзету үшін жеткілікті мерзім береді.

Соттың мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру, мөлшерін азайту немесе одан босату туралы шешім шығарған кезде ескерген тараптардың мүліктік жағдайы деп - олардың объективті себептер бойынша ақшалай табыстарының болмауын немесе жеткіліксіздігін түсіну керек (еңбек ақының төленбеуі, жұмыссыздық, ауыр сырқат, контрагенттердің шартты орындамаушылығы, банктегі шоттардан ақшаларды алып тастау жөніндегі мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері және т.б.).

АІЖК-нің 108-бабының 8-бөлімінің, 114, 116-баптарының мағынасына сай осы Кодекстің 104 және 105-баптарындағы мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру, бөліп-бөліп төлеу, мөлшерін азайту немесе одан босату туралы ережелер сот шығындарына да тарайды.

Егер сот бастамасымен сот сараптамасы тағайындалып, істі қарауға қатысуға мамандар тартылса, онда шығындар, сот талқылауының нәтижелеріне байланысты, тиісті тараптан өндіріледі.

**Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

8. Азаматтық іс қозғау және сот ісін жүргізу тілі туралы мәселелер өзара тығыз байланысты болғандықтан, оларды судья бір мезгілде бір ғана сот актісі - ұйғарыммен шешуге құқылы;

АІЖК-нің 168-бабына сәйкес судья істі сот талқылауына дайындау туралы өз алдына бөлек ұйғарым шығарып, онда істі сот талқылауына дайындау үшін қажетті іс-әрекеттерді көрсетуге тиісті.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

9. Талапкер сот талқылауы барысында талап арыздың затын немесе негіздерін өзгерту, тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы, заңды немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғаны іске қоса жауапкер ретінде тарту туралы өтініш берген жағдайда, соттар бұндай арыздарды мүліктік дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақталмады деген себеппен қабылдамауға құқы жоқ.

Мұндайда сот, егер дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болған жағдайда, ҚР АІЖК-нің 249-баптың 1-бөлігіне сәйкес ұйғару шығарып, арызды қараусыз қалдыруға құқылы.

10. Егер арызда бір-бірімен байланысты талаптар қойылып, олардың бірі аудандық (қалалық) сотқа, бірі жоғары тұрған сотқа қарасты болса, егер басқа іске қатысушылар бұған қарсы болмаған жағдайда, барлық талаптар жоғары тұрған соттың қарауына жатады.

11. Соттың талап арыз тиісті емес жауапкерге берілді деген себеппен азаматтық істі қозғаудан бас тартуға құқы жоқ.

Бұл орайда соттар талап арызды қабылдаудан бас тартудың, немесе талап арызды арызданушыға қайтарудың немесе қараусыз қалдырудың, сондай-ақ іс жөніндегі өндірісті тоқтата тұрудың немесе қысқартудың негіздерінің заңда көрсетілген тізімі (АІЖК-нің 153, 154, 242, 243, 247, 249 б.б.) түпкілікті болып табылатынын және кеңейтіліп түсіндіруге жатпайтынын ескеруі тиіс.

12. ҚР АІЖК-нің 36-бап 2-бөлігінің 1 және 3 тармақшаларында көрсетілген жағдайларда істі басқа соттың қарауына тапсыру - сол істі жүргізген соттың ұйғаруы негізінде жүзеге асырылады.

Істі АІЖК-нің 36-бап 2-бөлігінің 2 және 4 тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша басқа соттың өндірісіне тапсыру - төмен тұрған сот төрағасының немесе судьясының ұсынысы бойынша жоғары тұрған сот судьясының ұйғаруымен жүзеге асырылады.

Басқа соттың істі тапсыру туралы ұйғаруымен келіспеген тараптардың жеке шағымдарын және сот төрағасының немесе судьяның ұсынысын, сондай-ақ іске қатысушылардың істің сотқа қарастылығы туралы тараптың өтінішін қанағаттандырусыз қалдыру туралы сот ұйғаруына арыздары жоғары тұрған соттың алқалы құрамы қарайды және шешеді (АІЖК-нің 37-бап 2-бөлігі).

**Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

13. Сот бұйрығы өндіріп алушының даусыз талаптар бойынша АІЖК-нің 141-бабындағы талаптарға жауап беретін өтініші бойынша ғана шығарылатынын соттардың ескергені жөн. Даусыз талаптардың түпкілікті тізімі АІЖК-нің 140-бабында көрсетілген.

Егер талап "Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы" Заңының 20-бабының ережелеріне негізделген болса және борышкер оны мойындаса, сомасы елу айлық орта көрсеткішке дейінгі мөлшердегі тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы талап, сот бұйрығын шығару тәртібімен қаралуға жатады. Тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) тиісті емес сапасымен келтірілген шығындарды өтеу туралы талаптар ғана емес, өзге де өтеу туралы талаптар мәлімделген кезде (моральдық зиянның орнын ақшалай толтыру, айыппұл, іс жүргізу жөніндегі шығындарды өтеу және т.б.), өтініш талап арыз өндірісінің тәртібімен қаралуға жатады.

14. Сот бұйрығы АІЖК-нің 146-бабындағы талаптарға сәйкес шығарылуы тиіс және ол шыққан күні бұйрық көшірмесі борышкерге, оған табыстау туралы қағазбен, жолданады және оған бұйрық көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде қарсылықтарын сотқа жолдау құқығы бар екені түсіндіріледі.

Егер борышкердің мәлімделген талапқа келіспеген қарсылықтары белгіленген мерзім ішінде келіп түссе, судья сот бұйрығын бұзу туралы ұйғару шығаруға және өндіріп алушыға талап арыз өндірісі тәртібімен талап арыз беруге құқын түсіндіруге міндетті. Судьяның сот бұйрығын бұзу туралы ұйғаруы шағымдануға немесе наразылық келтіруге жатпайды.

15. ҚР АІЖК-нің 27-тарауындағы нормалармен азаматтардың мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және мемлекеттік қызметкерлердің, олардың ішінде сот орындаушылардың, шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) даулары туралы істер бойынша ерекше талап арыз өндірісі регламенттелген.

Бұндайда, АІЖК-да белгіленген талап арызды қабылдаудан бас тарту туралы, талап арызды қараусыз қайтару туралы немесе оны қозғаусыз қалдыру туралы

ережелер (АІЖК-нің 153, 154, 155 б.б.) ерекше талап арыз өндірісінің және ерекше өндірістің істері бойынша арыздарға қолданылатынын соттардың ескергені жөн.

**Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

16. АІЖК-нің 15, 66, 150, 151, 152, 166 және 176-баптарына сәйкес сот, тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың талаптары мен қарсылықтары негіздерін басшылыққа алып, қолданылатын материалдық және процессуалдық құқық нормаларын ескере отырып, дәлелдеу затын, яғни істің дұрыс шешілуіне ықпал ететін мән-жайларды айқындауға міндетті.

Сот дәлелдеу затын айқындауды істі сот талқылауына дайындау барысында да, оны маңызы бойынша қарау кезінде де жүзеге асыруға міндетті.

Соттар дәлелдемелерді бағалау және дәлелдеуден босату туралы мәселені шешу кезінде АІЖК-нің 66-бабының 10-бөлімінде, 78-бабының 3-бөлімінде және 91-бабының 8-бөлімінде белгіленген нормаларды ескерулері қажет.

**Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен . .**

17. АІЖК-нің 67-69-баптарында көрсетілген дәлелдемелердің қатыстылығы және жол берілуі туралы ережелерді қолданған кезде, сот мәжілісінде қолда бар барлық дәлелдемелер емес, тек істің мән-жайларын анық белгілеу үшін қажет дәлелдемелер ғана сұратылып, зерттелуі керек екенін соттардың ескергендері жөн.

Заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуы тиіс істің мән-жайлары, ешқандай өзге дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

18. Істің қаралуы АІЖК-нің 189-бап 1-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша кейінге қалдырылған жағдайда, істің жаңа сот мәжілісінде қаралуы, АІЖК-нің 180, 181 және басқа баптарында көрсетілген рәсімдерді сақтай отырып , жүзеге асырылатыны, мұндайда алғашқы сот мәжілісінде алынған дәлелдемелер заңды күшінде болатыны және АІЖК-нің 201-бабы бойынша даудың маңызы бойынша шешім шығарып жатқан сот мәжілісінде мәлімделуі тиіс екені соттарға түсіндірілсін.

Сот істің қаралуын кейінге қалдыру туралы ұйғару шығарады, онда істің қаралуын кейінге қалдырудың себептерін көрсетеді және жаңа сот мәжілісінің датасын тағайындайды.

Істің апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау тәртібінде қаралуы кейінге қалдырылған жағдайда, сот АІЖК-нің 189-бабында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, істің қаралуын кейінге қалдыру туралы ұйғару шығаруға құқылы.

19. АІЖК-нің 174-бабында және басқа заң актілерінде көрсетілген азаматтық істерді қарау мерзімдерінің сақталуы сот әділдігін жүзеге асырудың, іске қатысушы адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін дер кезінде қорғаудың қажетті шарты болып табылады.

Азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп мәлімдеу туралы істердің ерекшеліктерін ескере отырып, өтініш сотқа түскен және осы санаттағы істі қозғау туралы хабарландыру жасалған аралықтағы уақытты істі қарау мерзіміне есептеп, істің қаралуы мерзімін тиісті хабарландыру жарияланғаннан кейін үш ай мерзім аяқталған күннен бастап есептеген жөн.

Сот істің мәнісі бойынша шешім немесе іс өндірісін қысқарту не талап арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғару шығарған күн - істің қаралған мерзімінің соңғы күні болып табылады.

20. ҚР АІЖК-нің 21-бап 1-бөлігіне сәйкес сот азаматтық істер жөніндегі сот актілерін шешім, ұйғару, қаулы және бұйрық нысанында қабылдайды.

Сот бұйрығы азаматтық іс бойынша шығарылатын болғандықтан, оны шығарардан бұрын судьяның ұйғаруымен іс қозғалуы тиіс.

21. Жауапкер талап арызды мойындап, ол сотта қабылданған жағдайда, сот дәлелдемелерді зерттеуді тоқтатып, сот жарыссөздеріне көшуге құқылы ( АІЖК-нің 193-б. 4-т., 211-б.).

22. ҚР АІЖК-нің 220-бап 1-бөлігінің маңызы бойынша қысқаша ( қысқартылған) шешімнің дәлелдеу бөлігінде сот қорытындылары негізделген дәлелдемелер (олардың мазмұнын көрсетпей) және соттың басшылыққа алған заңдары көрсетілуі тиіс.

23. Аудандық және оларға теңестірілген, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Сотының заңды күшіне енген шешімдері негізінде атқару құжаты жасалады, ал облыстық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енген шешімдері негізінде атқару құжатының күші бар бұйрықтар жасалады.

Дереу орындалуға жататын сот шешімдері бойынша, ол шешімді қай соттың шығарғанына қарамастан, атқару құжаттары шығарылады.

Бірінші сатыдағы сот шешімі бұзылып, жоғары сатыдағы сот жаңа шешім шығарған жағдайда, атқару құжаттарын жасауды жаңа шешім қабылдаған сот жүзеге асырады.

24. Алимент алып беру туралы; қызметкерге жалақы, бірақ үш айдан аспайтын уақытқа, алып беру туралы; жұмысқа қайта орналастыру туралы; мертігуден немесе денсаулықты өзгедей зақымдаудан, асыраушысынан айырылуынан келтірілген зиянды, бірақ үш айдан аспайтын уақытқа өтеу туралы шешімдер (АІЖК-нің 237-бабы) дереу орындалуға жатады. Осыған байланысты, бұндай шешімдердің орындалуын тоқтатуға, кейінге қалдыруға немесе бөліп орындауға болмайды.

25. Сот мәжілісінен тыс жасалған әрбір жеке процессуалдық іс-әрекеттер жөнінде хаттама жасау туралы АІЖК-нің 255-бабының талаптарына сәйкес, соттар мұндай хаттаманың істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымның негізінде дәлелдемелерді сот мәжілісінен тыс бекіту қажеттігі пайда болған жағдайда әзірленуге тиіс екенін назарда ұстаулары қажет (АІЖК-нің 170-бабының 1), 2), 9), 11) және 13)-тармақшалары).

**Ескерту. 25-тармақ жана редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

26. Іс АІЖК-нің 260-бап 1-бөлігінде көрсетілген негіздемелер жиынтығы болған жағдайда ғана:

жауапкер істің қаралуы орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабардар етілсе ;

жауапкер сот мәжілісіне дәлелді себептермен келмей қалса немесе келмей қалуының дәлелді себептері туралы хабарламаса;

жауапкердің істі өзі жоқта қарау туралы өтініші болмаса;

талапкердің істі жауапкер жақта қарауға келісімі болса;

талапкердің істі жауапкер жоқта қарауға келісіміне қарамастан, жауапкер сот мәжілісіне дәлелді себепсіз екінші рет келмей қалса, сырттай іс жүргізу тәртібі бойынша қаралуы мүмкін екеніне соттардың назары аударылсын.

Осы тармақтың жоғарғы абзацында көрсетілген негіздердің кез келген біреуінің болмауы, істі сырттай өндіріс тәртібінде қараудың мүмкіндігін жояды.

Сот істі сырттай өндіріс тәртібімен қарау туралы ұйғару шығарады, бұл ұйғаруға кассациялық тәртіппен шағымдануға немесе наразылық келтіруге болмайды.

27. Жауапкердің сырттай шешімді бұзу туралы өтініші АІЖК-нің 265-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі керек және оны, ол сотқа келіп түскен күннен бастап 10 күн мерзім ішінде, сот мәжілісінің орны мен уақыты туралы іске қатысатын адамдарды хабардар ете отырып, сырттай шешім шығарған сот қарайды.

Сырттай шешім АІЖК-нің 269-бабында көрсетілген мән-жағдайлар болған жағдайда ғана бұзылуы мүмкін, ал іс мәнісі бойынша қарауға жатады. Бұл орайда , егер жауапкер сот мәжілісінің орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабардар етілген болса, бірақ сотқа дәлелді себептерсіз келмей қалса, сот істі жауапкерсіз қарауға құқылы. Бұндай сот мәжілісінде қабылданған шешім сырттай шешім болып табылмайды, ал жауапкер оған тек кассациялық тәртіпте шағымдана алады.

28. Сот сырттай шешім шығарып, одан кейін жауапкердің сырттай шешімді бұзу туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғару шығарған жағдайда, жауапкер соттың шешімі мен ұйғаруына шағымдануға құқылы.

Іске қатысушылар сырттай шешімді бұзу туралы ұйғаруға шағымдануға құқылы емес, себебі ол істің әрі қарай жылжуына кедергі жасамайды және бұндай ұйғаруға шағымдану құқығы заңда көрсетілмеген (ҚР АІЖК-нің 264, 268 және 344-баптары).

29. АІЖК-нің 336 және 337-баптарына аналогия бойынша АІЖК-нің 238-бабы негізінде бірінші сатыдағы сотпен дереу орындалуға жіберілген шешімнің орындалуын тоқтата тұру туралы кассациялық сатыдағы судьяның шешімі қаулы ретінде шығарылуы тиіс.

30. АІЖК-нің 345-бап 1-бөлігінде көрсетілген жалпы ереже бойынша кассациялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін кассациялық шағым немесе наразылық шеңберінде тексереді.

Кассациялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың ерекше талап қою өндірісіндегі істер бойынша шешімін толық көлемде заңдылығы мен негізділігін тексеруге міндетті. Бұл ретте бірінші сатыдағы соттың сайлауларға, референдумдарға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздары бойынша шешімдері түпкілікті және кассациялық тәртіппен шағымдауға (наразылық келтіруге) жатпайтынын, тек қадағалау тәртібімен қайта қаралуы мүмкін екенін есте ұстау қажет.

**Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

31. ҚР АІЖК-нің 385-бап 1-бөлігіне және 391-бап 3-бөлігіне сәйкес апелляциялық, кассациялық шағым беруге құқы бар тараптар және іске қатысушы басқа адамдар істерді қадағалау тәртібімен қарауға өкілетті сотқа тікелей заңды күшіне енген сот қаулыларына, ұйғаруларына, қаулыларына шағым жасауы мүмкін.

Іске қатысуға тартылмаған адамдар, егер аталған сот қаулылары олардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарын тікелей немесе жанама түрде бұзған жағдайда ғана (тұлға жеке меншік құқығынан, мүлікті иелену және қолдану құқынан айырылса, оған зиянда өтеу міндеті жүктелсе және т.б.), заңды күшіне енген сот қаулыларына, ұйғаруларына, қаулыларына шағым жасауға құқылы.

32. Бұрын іс бойынша шығарылған сот қаулыларын бұзып, істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жіберу жөніндегі сот актісіне қадағалау шағым беру процессуалдық іс-әрекет болып табылатындығы соттарға түсіндірілсін. Жоғары тұрған сот қадағалау шағымындағы дәлелдерді тексеру үшін осындай істі алдыртқан жағдайда, бірінші сатыдағы сот жоғары тұрған сот қадағалау шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін істі АІЖК-нің 189-бабына сәйкес қарауды кейінге қалдыра тұрады.

**Ескерту. 32-тармақ жана редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

33. АІЖК-нің 335-бап 3-бөлігіндегі апелляциялық шағым, наразылық беретін (келтіретін) тұлғаның бірінші сатыдағы сотқа табыс етілмеген жаңа айғақтарға сілтеме жасауына тек шағымында олардың бірінші сатыдағы сотқа оларды табыс етуге мүмкіндігі болмауы негізделген жағдайда ғана жол берілетіні туралы ереже кассациялық және қадағалау шағымдар мен наразылықтарға тарайды.

Сондықтан, егер бірінші сатыдағы сот істі дұрыс шешу үшін заңда көрсетілген шараларды қолданса, тараптардың іс жүргізу әрекеттерінің салдарына байланысты айғақтардың толық зерттелмеуі - сот актілерін кассациялық және наразылық тәртіппен қайта қарауға әкеліп соқтыратын бұзушылық болып саналуы мүмкін емес.

34. Бірінші сот шешімі бұзылып, мәлімделген талаптарының бірі бойынша жаңа шешім шығарылған жағдайда, кассациялық сатыдағы сот екі сот актісін - ұйғару және кассациялық шешім, ал кассациялық шағымды немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда кассациялық ұйғару шығаруға міндетті.

Кассациялық шешім өзінің нысаны және мазмұны бойынша АІЖК-нің 220-және 221-баптарындағы талаптарға жауап беруі тиіс.

Кассациялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың шешімін немесе ұйғаруын өзгеріссіз қалдырған кезде қысқаша кассациялық ұйғару шығарады (қорытынды бөліп), ол өзінің құрылымы бойынша қысқаша (қысқартылған) шешімге тектес.

Кассациялық сатыдағы сот ұйғару шығармай тұрып, тараптар дәлелді кассациялық ұйғару шығару туралы жазбаша түрде өтініш мәлімдеуі мүмкін.

Кассациялық сатыдағы сот ұйғаруларында шешімді өзгеріссіз қалдыру, шешімді өзгерту, шешімді бұзып, істі жаңадан қарауға жолдау немесе кассациялық шешім шығару туралы себептер мен тұжырымдар көрсетілуі тиіс.

**Ескерту. 34-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.10.30. N 15 қаулысымен .**

35. АІЖК-нің 387-бап 3-бөлігіне сәйкес соттың материалдық және іс жүргізу құқық нормаларын едәуір бұзуы ғана, заңды күшіне енген сот шешімін, ұйғаруды, қаулыны және сот бұйрығын қайта қарауға негіз бола алатынына соттардың назары аударылсын.

Бұндай бұзушылықтарға заңсыз сот актісін шығаруға, сондай-ақ іс жүргізу құқық нормаларын бұзушылыққа әкеліп соқтырған, АІЖК-нің 365-бабында көрсетілген: материалдық құқық нормасын дұрыс қолданбау; істі бұл істі қарауға құқы жоқ судьяның қарауы; сот өндірісінің тілі туралы АІЖК нормаларын сақтамау; соттың іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселелерді шешуі; сот актісінде судьяның қолы болмауы немесе сот актісінде көрсетілгеннен басқа судьяның қол қоюы; істе сот мәжілісі хаттамасының болмауы.

Өзге процессуалдық бұзушылықтар орын алған жағдайда, мәнісі бойынша дұрыс шешілген шешім, ұйғару, қаулы немесе сот бұйрығы формальды ғана себептермен қайта қаралмайды.

36. Егер облыстық немесе оған теңестірілген сот президиумы мүшелерінің аудандық немесе оған теңестірілген соттың заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау үшін негіздердің жоқтығы туралы қорытындысы болып, ал қайта қадағалау шағымын Жоғарғы Сотта қараудың нәтижелері бойынша сот алқасының судьясы немесе президиум мүшелері осы сот актілерін қайта қарау туралы қорытынды жасаған жағдайда, АІЖК-нің 386-бап 1-бөлігіне сәйкес ол арызбен және іспен бірге облыстық немесе оған теңестірілген сот президиумының қарауына жолданады.

37. ҚР АІЖК-нің 393-395-баптарының мағынасы бойынша, егер президиумның үш мүшесі алдын ала қорытындының дәлелдерімен және тұжырымдарымен келіскен жағдайда, олар заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау үшін істі қадағалау сатысына тапсыру туралы немесе шағым жасалған сот актісін, мұндай шешімнің себептерін көрсетпей-ақ, қайта қарау үшін негіздердің жоқ екені туралы алдын ала қорытындыны бекіту туралы түпкілікті қорытынды жасайды.

Егер президиумның үш мүшесі президиум мүшесінің қорытындысымен келіспесе, онда олар дәлелді қорытынды жасайды.

Басқа екі президиум мүшесінің түпкілікті қорытындысымен келіспеген президиум мүшесі, қорытындыға қол қойып, оның жанына қорытынды тұжырымдарымен келіспейтіні туралы көрсетеді.

ҚР АІЖК-нің 395-бап 1-бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау туралы судьяның, президиум мүшелерінің қорытындысы, істі және шағымды қарауына қабылдау бөлігінде, қадағалау сатыдағы соттың міндетті түрде қарауына жатады және оны жасаған судьялармен, сот төрағасымен немесе сот алқасы төрағасымен кері қайтарылуы мүмкін емес.

38. АІЖК-нің 375-бабына сәйкес қадағалау арызын берген адам қадағалау сатысындағы сот мәжілісіне келмеген жағдайда, істі қарау төрағалық етушінің немесе судьялардың бірінің баяндамасынан басталуы тиіс.

39. ҚР АІЖК-нің 389-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтірген прокурор наразылық көшірмелерін іске қатысушы адамдарға жолдайды.

40. Заңды тұлғалар арасындағы тараптар бойынша азаматтық істерді жүргізу азаматтық іс жүргізу заңына сәйкес жүзеге асырылатынын ескере отырып, егер АІЖК күшіне енгенше бұрын күшінде болған іс жүргізу заңында белгіленген бір жылдық мерзім өтіп кетпеген жағдайда, АІЖК-нің қадағалау арызын беру мерзімдері туралы 388-бабының ережелері қолданылады.

41. Сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы мәселелерді шешкен кезде, бұндай қайта қарау үшін АІЖК-нің 404-бабында көрсетілген негіздер тізімі түпкілікті болып табылатынын соттардың басшылыққа алғаны жөн.

Бұл орайда, арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған мән-жайлардың ішіндегі, сот актісін қабылдау кездегі соттың тұжырымдарына ықпал ете алатындары іс үшін елеулі болып табылатынын ескерген жөн.

Сот актісі қабылданғаннан кейін туындаған жаңа мән-жайлар, оны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін емес, жаңа талап арыз беруге негіз бола алады.

42. АІЖК-нің 405-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды сол актіні қабылдаған сот жүргізеді.

Атап айтқанда, егер апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатысындағы сот бірінші сатыдағы сот актісін өзгертпесе, немесе жаңа акт қабылдамаса, оны қайта қарауға тек сол сот құқылы. Егер бірінші сатыдағы сот актісі өзгертілген немесе бұзылған болса, АІЖК-нің 405-бап 2-бөлігіне сәйкес апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатысындағы соттың қаулысын, ұйғаруын, шешімін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды сот актісін өзгерткен немесе бұзған сот сатысы жүргізеді.

Шешім, қаулы, ұйғару жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша бұзылған жағдайда, істі ҚР АІЖК-нің осы саты үшін белгіленген ережелері бойынша, бірінші сатыдағы сот қарайды.

43. АІЖК-нің 409-бабына сәйкес сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішті қарағаннан кейін, сот өтінішті қанағаттандырып сот актісін бұзады немесе қайта қараудан бас тартады.

Сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандыру туралы сот актісі шағымдануға немесе наразылық келтіруге жатпайды және дереу заңды күшінен енеді.

Сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғаруға жоғары тұрған сот сатысына шағымдануға немесе наразылық келтіруге болады.

44. "Мемлекеттік баж туралы" Заңына сәйкес сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініштер, сондай-ақ өтініштерді қанағаттандырудан бас тарту туралы судьялардың ұйғаруына арыздар мемлекеттік бажды төлеуге жатпайды.

45. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1965 жылғы 22 маусымдағы " Соттардың Қазақ КСР-нің Азаматтық іс жүргізу кодексінің кейбір нормаларын қолдануы тәжірибесі туралы" N 5 қаулысы, 1978 жылғы 23 наурыздағы N 3, 1983

жылғы 29 наурыздағы N 5, 1990 жылғы 6 шілдедегі N 4 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен бірге;

- Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1967 жылғы 26 желтоқсандағы " Республика соттарының КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1967 жылғы 25 ақпандағы "Сот процестерін ұйымдастыруды жақсарту, оларды өткізудің деңгейін арттыру және сот қызметінің тәрбиелік әсерін күшейту туралы" N 1 қаулысын орындауы туралы" N 12 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 20 желтоқсандағы "Соттардың Қазақстан Республикасы АІЖК-нің 386-б. 1-т. және 387-б. 3 т. қолдануы туралы" N 21 қаулысы.

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының төмендегі қаулылары Қазақстан Республикасында қолданылмайды деп танылсын:

- 1973 жылғы 8 қазандағы "Соттардың азаматтық істерді кассациялық тәртіпте қарау тәжірибесі туралы" N 14 қаулысы, 1979 жылғы 6 қыркүйектегі N 5 қаулысымен енгізілген өзгертулермен бірге;

- 1974 жылғы 13 желтоқсандағы "Азаматтық істерді сот қадағалау тәртібімен қараудың тәжірибесі туралы" N 10 қаулысы, 1980 жылғы 29 тамыздағы N 5 қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге;

- 1983 жылғы 1 желтоқсандағы "Бірінші сатыдағы сотта азаматтық істерді қараған кездегі процессуалдық заңды қолдану туралы" N 10 қаулысы, 1987 жылғы 3 сәуірдегі N 3 қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Пленум хатшысы,  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы  
Көшірмесі дұрыс,  
Пленум хатшысы